

Жер салығы



ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКАЯ ОБЛАСТЬ

АТЫРАУСКАЯ ОБЛАСТЬ

КОСТАНАЙСКАЯ ОБЛАСТЬ

↘ 139 Указатели автодорог и расстояния в км между ними

○ Села

- ★ Областной центр
- ☆ Районный центр
- ГОРОД, Поселок
- Железная дорога
- Автомобильная дорога

Барлық жерлер салық салу мақсатында олардың арналған нысанасы мен тиесілілігіне қарай мынандай санаттарға бөлінеді:

- ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер;
- елді мекендер жерлер;
- өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы емес мақсаттағы жерлер;
- ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлері, сауықтыру, рекреациялық және тарихи – мәдени мақсаттағы жерлер;
- орман қорының жерлері;
- су қорының жерлері;
- запастағы жерлер.



Жердің белгілі бір немесе өзге санатқа жататындығы Қазақстан Республикасының жер туралы заң актілерімен белгіленеді. Елді мекендер жерлері салық салу мақсаты үшін мынандай екі топқа бөлінеді:

- 1) тұрғын үй қоры, соның ішінде олардың жанындағы құрылыстар мен ғимараттар орналасқан жерлерді қоспағанда елді мекендер жерлері,
- 2) тұрғын үй қоры, соның ішінде олардың жанындағы құрылыстар мен ғимараттар орналасқан жерлер.

Жер салығынан босатылған субъектілері

Жерлердің мынандай санаттарына салық салынбайды:

- 1) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері;
- 2) су қорының жерлері;
- 3) орман қорының жерлері;
- 4) запастағы жерлер.

Бүгінгі таңда жер салығын төлеуден босатылады.

- 1) бірыңғай жер салығын төлеушілер, шаруа қожалықтарына арналған арнайы салық режимі қолданылатын қызметті пайдаланылатын жер учаскелері бойынша;
- 2) мемлекеттік мекемелер;
- 3) салық режимінің екінші үлгісі бойынша салық салу жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар;
- 4) уәкілетті органдардың қылмыстық жазаларды атқару саласындағы түзеу мекемелердің мемлекеттік кәсіпорындары;
- 5) Ұлы отан соғысына қатысқандар және солардың теңестірілген адамдар мүгедектер, сондай-ақ бала кезінен мүгедектердің ата-аналарының біреуі;

Жер салығының ерекшеліктері

Қазақстан Республикасында жер салығын салу 1992 жылы енгізілді. Жер салығын енгізу мынандай мақсаттарды көздейді:

- экономиканың әдістермен жерді ұтымды пайдалану;
- тұлғаларды жерге орналастыру;
- жердің құнарлығын арттыру;
- жерді қорғау жөніндегі шараларды енгізу үшін төлемдер төлеу;
- аумақтың әлеуметтік – мәдени дамуы үшін бюджет кірістерін қалыптастыру.
 - салық әрбір төлеушінің табысына қарай салынуы тиіс;
 - салықтардың мөлшері мен төленетін мерзімі алдын ала, әрі нақты белгіленуі тиіс;
 - әрбір салық төлеуші үшін неғұрлым қолайлы уақытта және тиімді әдіспен салынуға тиіс;
 - өндіріп алынатын салықтың шығындары мейлінше аз болуға тиіс.